

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МИНИСТР ЛІГІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ!

«ЗАҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДЫҢ ӨЗЕКТІМӘСЕЛЕЛЕРІ:
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»

атты ғылыми-әдістемелік семинар
МАТЕРИАЛДАРЫ

21 қараша 2011 ж.
II шығарылым



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МИНИСТРЛІГІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ!

**«ЗАҢ БІЛІМШ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЖАҢАЛЫҒЫ»**

**атты ғылыми-әдістемелік семинар
МАТЕРИАЛДАРЫ**

21 қараша 2011

П i n м i а р ы . i м м

МАТЕРИАЛЫ

научно-методического семинара

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ТРАДИЦИИ И НОВАЦИИ»**

21 ноября 2011 г.

выпуск II

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

Абдрашев Р.М. <i>Недостатки юридического образования, как один из факторов, обуславливающих неэффективность борьбы с коррупцией.</i>	4
Атаханова Г.М. <i>Заңгерлерді оқытудың танымдық іс-әрекетін жетілдіру.</i>	6
Джансараева Р.Е. <i>О некоторых проблемах совершенствования юридического образования.</i>	8
Джансараева Р.Е., Избасова А.Б. <i>Қазақстан Республикасындағы заң білімін беруді жетілдірудің өзекті бағыттары.</i>	14
Алимқұлов Е.Т. <i>Қызықтық пәндерді оқытудағы инновациялық әдістер.</i>	18
Берсугурова Л.Ш. Баяндина М.О. <i>Қылмыстық іс жүргізу бойынша оқу сабақтарын жүргізудің интерактивтік әдістері.</i>	20
Бисенова М.Қ. <i>Современные тенденции развития юридического образования.</i>	24
Бижанова А.Р. <i>Криминологияны оқытуда интерактивтік технологияны қолдану жолдары.</i>	25
Жетібаев Н.С. <i>Заңгерлерді дайындау барысында бәлгім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері.</i>	28
Жугралина Б.М. <i>Применение проблемного метода обучения в учебном процессе.</i>	30
Даубасова С.Ш. <i>Кредиттік технологиялық оқыту жүйесінде студенттің өзіндік жұмысын орындауды жүзеге асыру жолдары.</i>	32
Маликова Ш.Б. <i>Заң бәлгімін жетілдірудің қазіргі тенденциялары.</i>	37
Маликова Ш.Б. <i>Заң білімін жетілдірудің кейбір аспектілері.</i>	38
Нұрмағанбет Е.Т. <i>Оқытудың озық технологиясын қолдану - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.</i>	40
Тапалова Р.Б. <i>Организация самостоятельной работы студентов по криминалистике в кредитной технологии.</i>	46
Темірболат Н.С. <i>Криминалистикалық тактикадан сабақ отқызу кезінде интерактивтік әдістерді қолдану мәселелері.</i>	48
Шопабаев Б.А. <i>Патологический подход к проблемам профессионального юридического образования.</i>	50

Р.Е.Джансараева

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қылмыстық қуғын, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының меңгерушісі, з.к.д., профессор*

А.Б.Избасова

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу ЖЭНІ
криминалистика кафедрасының оқытушысы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАҢ БІЛІМІН БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

Жоғары заң білімі ұлттық білім беру жүйесінде ерекше орын алады. Бұл мемлекеттің дұрыс қызмет атқаруы мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғаумен байланысты көптеген мәселелерді шешуде заңгер мамандығының алатын орнына байланысты.

Тек құқықтық салада емес, сонымен қатар қоғамның барлық ауқымында жүргізіліп жатқан реформалаудың тиімділігі мемлекеттің заң корпусы біліктілігінің деңгейіне тікелей тәуелді. Тәжірибедегі заңгер өз қызметін жүзеге асыру барысында мемлекетке деген құрметін көрсете отырып адам өмірі үшін маңызды болып табылатын шешімдер қабылдайды. Ал бұл шешімдер заңнамаға, мемлекет пен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін бұзбағанда әкеліп соқтыратын болса, онда ол құқықтық мемлекет идеясының өзіне қарама-қайшылық туғыратын заңсыздық болып табылады.

Заң бірлестігі Қазақстанда шын мәніндегі құқықтық демократиялық мемлекетті дамыту, адам мен азаматтардың құқықтарын қорғау істерінің жағдайы үшін жауаптылықты өзіне алуы қажет. Экономикалық, саяси және элеуметтік мәселелерді шешудің жаңа өркениетті нысандары жолында жалпы қоғам мен азаматтардың өз құқықтарын қорғау, қазіргі таңдағы өмірде кездесетін қарама-қайшы тұстарды шешуде заңгерлерге деген қажеттіліктері арта түсті. Бұдан басқа заңшығару, құқық қолдану, соттық және тағы да басқа шешімдердің орындалуын қадағалау процесстеріне заңгерлердің үлкен тобы қатыстырылған. Заңгер қызметі әуақытта құрметті және

беделді болып саналған, ал заң факультеттері еш уақытта талапкерлердің кемдігі сезініп көрген емес. Бірақ жақсы заңгер болу үшін бір ғана заң білімінің болуы жеткіліксіз. Сондықтан, қазіргі таңда жұмыс беруші үшін таптырмайтын маман болу үшін қандай білім мен іскерлік дағдысы қажет деген сұрақ туындайды? Қазіргі таңда заң білімін беруді реформалау қажеттілігі туындап отыр. Мұндай қадамға бару үшін себептер жетерлік. Алайда олардың ішіндегі ерекше маңызға: құқықтық демократиялық мемлекетті құру; жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы; заң шығарушылық қызметтің кеңеюі; заңгер мамандарына қойылатын жаңа талаптар; оқу үрдісін жаңа инновацияларды енгізу және шетелі тәжірибесінен керек тұстарын алып қосқандық мәселелерді айтуға болады.

Аталғандардың барлығы мемлекетке деңгейдегі басым артықшылыққа ие болатындай заң білімін беруді реформалау мәселелерінің маңыздылығын білдіреді. Біздің алдымызда екі басты мәселе: мемлекеттің нақты мұқтаждығы үшін қаншалықты заң білімін беру қажет және мамандарды дайындау деңгейінің қаншалықты заң білімін беру сапасының стандарттарына сай келетінін анықтау түр. Өкінішке орай, мемлекетімізде нормативтік деңгейде жоғары заң білімі бар адамдардың айналысуы қажетті мамандықтар мен қызмет түрлерінің тізімі көрсетілмеген. Мемлекеттік билік пен басқару органдарында және экономикалық салада көптеген лауазымдар (мансаптар) құқықтық даярлықты және заң білімі бар мамандармен ауыстырылуды талап етеді

Олай болса біздер заңгерлер даярлау үшін жеткілікті негізделген мемлекеттік тапсырысқа ие боламыз. Бұдан басқа мемлекетімізде тек мемлекет пен қоғамның нақты қажеттілігі үшін ғана емес, сонымен қатар қойылатын талаптарға сай келмейтін заң білімін берудің тармақталған жүйелері бар.

Демократиялық және нарықтық институттардың дамуына байланысты заңгерлерге деген қажеттілік сөзсіз арта түсуде. Бірақ бұл жерде тағы да мамандарды даярлаудың сапасы, соның ішінде сапа мен санның ақылға қонымды шегі туралы мәселе туындайды. Бұдан басқа барлық оқу орындары, әсіресе заңгерлерді даярлау құқығына лицензия алған профильді емес оқу орындары мемлекеттік талаптарға сай деңгейде олардың сапасын қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі таңда біз заңгерлерді даярлау туралы сөз қозғап отырмыз. Бірақ нақ осы уақытта мемлекеттік құрылымдар мен шаруашылық субъектілеріне білікті заңгерлерді табу қиынға түседі. Сондықтан білім беру орындарының көптеген жүйелері қоғамның объективті мұқтаждары үшін қойылған міндеттерге сай келмей, мамандарды даярлау сапасына кері әсерін тигізеді және мемлекеттік институттар мен билік органдарының дұрыс қызмет атқаруына қауіп туғызады. Соңғы кездері бұл бағытта көптеген жұмыстар жүргізілгенімен, бұдан еш нәтиже болмай отыр.

Қазіргі таңда заңи білім берудің басты міндеті болып ақыл-ойы, ойлау еркіндігі жетілген, қоғам алдындағы және өзінің ар-ожданы алдында міндетін сезіне алатын жоғары білікті мамандарды даярлау табылады. Біздер өз бітірушілерімізді әділеттілік, әрдайым жаңа білім алуға ұмтылу және ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеуді қалыптастыруға ұмтыламыз. Дұрыс дайындықтан өтпеген заңгерлер - ол мемлекет пен қоғам үшін де қауіп тудырады. Сондықтан басты мәселе ретінде мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету болып отыр. Бұл өз кезегінде қазіргі таңда іс жүзінде «қуып жету» сипатына ие кәсіби даярлаудың моделін түзетумен тікелей байланысты. Заң білімін беру мазмұнын

қалыптастыру тұрақты кәсіби әдет-ғұрыптарға және тұрақты әлеуметтік тәртіптегі құқықтық қоғам үшін қол жетімді болып табылатын «тәжірибеден» алынады. Бұл реформалану жағдайындағы қоғам мен мемлекет үшін өзін ақтамайды. Заңгер мамандығы сұранымының қысқартылған моделіне жүгіну қайта прагматизациялануға әкеп соқтырады. Осыған байланысты барлық біліктілік деңгейіндегі заңгерлерді базалық даярлау, маманның академиялық және кәсіби мобильділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кең бейінді заңгер даярлау моделіне сүйенуі қажет. Заң білімін берудің нақты бір деңгейіне бағытталған мұндай модель бір жағынан заңгер-маманның кең дүниетанымының қалыптасуына, екінші жағынан заңи қызметтің нақты түрлері бойынша білімі мен дағдысының көлеміне қойылатын талаптарға жауап беруі керек. Негізділік - біздің жоғарғы заң білімінің негізгі құндылығы. Нақты университеттердің заң факультеттерінде заң шығаруды емес, құқықтық ойлау дағдысын қалыптастыруды оқытады. Жақсы бітіруші қандай заңнама әрекет ететініне тәуелсіз құқықта бейімделе алады, себебі біз оларды нақты баптарды білуді емес, дұрыс құқықтық ойлай білу мен құқық қағидаларына сүйене білуді үйретеміз. Әрине классикалық орныққан заң білімін беру міндетті түрде сақталуы қажет. Бірақ олай бола тұра заманның талап ететін мұқтаждары туралы да ұмытпаған жок. Қоғамда белгілі бір бағыттағы тар мамандықтардың қажеттілігі туындайды. Сондықтан қазіргі таңда заң білімін берудің сапасын арттыру заңи білім берудің инновациялық нысандары мен деңгейлерін қалыптастырумен, заңи білім берудің өзгертілген мазмұны мен сипатының негізінде заңгер-мамандарды даярлау, әлеуметтік даму қажеттілігіне бағытталған қоғамның тіршілік әрекетінің әлеуметтік және мәдени салалары, шаруашылық кешеннің динамикалық салалары тарапынан сұранысқа ие түрлеріне бағытталуы қажет. Болашақ мүдделі жұмыс берушілерден тапсырыс алу арқылы біздер оқу бағдарламасына қосымша арнайы және тағы басқа курстарды қосу арқылы кәсіптік бейімделу-

ді дамыта аламыз. Қазіргі Қазақстандағы заң білімін беру мен оның дамуы құқықтық мемлекет құндылығын ұғынатын, қоғам алдындағы өзінің кәсіби міндетін түсіне білетін мамандарды қалыптастыру мақсатын көздейді. Қазіргі таңда оқу жоспарына шынайы азаматтық қоғамды қалыптастырудағы өзекті және даулы мәселелерге болашақ заңгерлердің көңілін аударта алатын жаңа курстарды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл білім берудің теориялық базасын тереңдету мен кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар кейінгі тәжірибелік қызметтегі жұмыстың нәтижелі әдістерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби заң білімін беру деңгейін ескере отырып бітірушілерге еңбек нарығында өз орындарын табуға көмектесетін білім беру қажет. Қазіргі таңда басты міндет қоғам мұқтаждарына қажетті білім беру мен кәсіби бағдарламалар арқылы жоғарғы заңи білім беру мазмұнының әрдайым бейімделуінде болып отыр. Бұл жерде мазмұнның үздіксіз жаңарып отыруы механизме қалыптастыруды қарастыратын ғылыми негізделген бағдарлама негізінде жоғары заң білімін беру мазмұнының өзгеруі қажет. Тек жоғары заң білімін беру мазмұны мен сапасы арқылы мақсаттарға қол жеткізуге болады. Біріншіден, жоғары заң білімін берудің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру. Бұл заң мамандарын даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарының қабілеттіліктеріне қатысты критерийлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, білім беру-біліктілік арттыру деңгейі бойынша олардың бір ізділігі мен үздіксіздігін қарастыра отырып жоғары заң білімін беру мазмұнын стандарт талаптарына сай қалыптастыру. Үшіншіден, кадрлық және оқу әдістемелік қамтамасыз ету, материалдық-техникалық база, білімге мүмкіндік пен диагностика жүйесі арқылы білім берудің мазмұнын жүзеге асырумен байланысты мемлекеттік стандарт талаптарына сай бірқатар іс-шараларды **өткізу**. Ұлттық университетке дербестіктің берілуімен студенттерді даярлау деңгейінің жоғарылауына әсер ететін өзіндік білім беру стандарттарын әзірлеуге құқық берілуі ти-

іс. Білім беру стандарттары - бұл білім беру сапасына қойылатын талаптар екендігі жалпыға белгілі. Жалпы мемлекеттік стандарттарының оң және теріс тұстары да бар. Барлық оқу орындарына тән біртұтас білім беру стандарттары олардың кейбірінің дамуын тежейді.

Білім берудің сапасы нормативтік нұсқауларға емес, нақты бір оқытушының біліктілік деңгейі мен моральдық қасиеттеріне байланысты болады деп айтсақ артық болмас. Өйткені оқытушының ниет білдіруінсіз жаңа технологияларды, оқу процессінің жаңа әдістері мен тәсілдерін жоғарыдан енгізу мүмкін емес. Ал біртұтас стандарттар мұндай бастамаларды сирек ұстанып, оқу процессін шектейді.

Түрлі оқу орындарындағы заңгерлерді даярлаудың әртүрлі әдістемелеріне қатысты айтатын болсақ, бұл дұрыс. Ақылға қонымды шектерде ерекшеліктер болуы керек. Өйткені мамандандырылған оқу орындары (мысалы, әскери) мен классикалық университеттерде бірдей әдістеме болуы мүмкін емес, себебі олардың алдында білім алушылардың әртүрлі санаттарына бағытталған және олардың алдарында әртүрлі мақсаттар тұр. Сәйкесінше, білім берудің әртүрлі нысандары мен әдістері болуы тиіс. Мұндай жағдайда белгілі бір университетте оқып білім алуға ұмтылу оның беделімен емес, ондағы білім берудің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Сапалы заң білімін беру ғылыми-педагогикалық мамандардың сапасы, оқу бағдарламаларының сапасы мен инфрақұрылымдардың сапасы сияқты факторларға байланысты болады.

Ғылыми-педагогикалық мамандардың сапасы қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарға ауысуы жағдайында маңызды болып табылады. Жоғары заңи білімін беру орындарының атқаратын міндеттері күрделі. Сәйкесінше, ол ғылыми педагогикалық қызметкерлерден біліктіліктің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар сапа талаптарына сай келетін этикалық құндылықтарға негізделген оларда алдыңғы позицияны ала алатындай еріктерінің болуын талап етеді.

Сайты қамтамасыз ету саясаты ғылыми-педагогикалық кадрларды олардың оқу-тәрбиелік процессті жүзеге асыру қабілеті мен біліктілігінің негізінде таңдаудың тиімді жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Жақсы тәжірибе адамы болуы мүмкін, бірақ оқытушы мамандығы ерекше болып табылады. Жақсы тәжірибе адамдарының барлығы бірдей жақсы оқытушы бола бермейді. Сапа саясатын қалыптастыруда оқытушылардың қызмет өтілін басқару, олардың әлеуметтік мәртебесін тану мен бұл мәртебенің қаржылай қамтамасыз етілуін басқару жүйесі де аз орын алмайды. Оқытушы қызметкерлер құрамының сапасы олардың оқу үдерісіндегі ақпараттандырылу және технологиялану саласындағы өзгерістерге деген көзқарастарына тәуелді болады.

Қазіргі таңдағы жағдайда жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану, жаңашыл әдістер мен тұжырымдамалар қалыптастыру мүмкіндіктері кеңінен қолданылуда. Қазіргі қаржылық шектеу кезеңінде бұл қиын мәселе. Ол оқу орындарын заман талаптарына сай компьютерлік техникамен және жетекші заң мекемелерінде оқу үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану жоспарында оқытушылардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесімен қамтылуынан көрініс табады.

Сонымен қатар, өзекті мәселе ретінде жоғары заңи білім берудің дүниежүзілік білім беру кеңістігімен ықпалдасуына бағытталған оқу бағдарламаларын және басқа да материалдарды дайындау, заңи білім берудің халықаралық көрінісін тереңдету қажеттілігі болып отыр. Ынтымақтастықтың басты бағыты болып дүниежүзіндегі жетекші оқу орындарымен бірлескен жобаларға қатысу табылады. Ол білім беру қызметінің дүниежүзі нарығындағы қазақстандық заң оқу орындарының бәсекеге қабілетті еместігін жеңуге ықпалын тигізеді. Яғни, жоғарғы заң білімін беруді барлық мемлекеттің бірдей пайдалануына мүмкіндік туғызу жолында біршама тәжірибелік шараларды жүргізу қажет етіледі. Интер-

национализация оқу орындарының халықаралық бағытының процесі ретінде өзінің негізінде үш басты элементті: оқу жоспары мен бағдарламасының мазмұнында халықаралық құрамдас бөлігінің болуын; студенттер мен профессор-оқытушылардың халықаралық мобильділігінің болуын; техникалық ынтымақтастық пен өзара көмектің болуын қамтиды.

Бұл мәселенің өзектілігі ең алдымен әртүрлі мемлекеттің ықпалдастығының экономикасына, халықаралық экономикалық нарыққа, азаматтық өркенділіктің ғаламдық мәселелеріне және ұлттық заңнаманы халықаралық заңнамамен үндестіруге қатысты Қазақстанның міндеттеріне байланысты болып отыр.

Халықаралық ықпалдастықтың қазіргі таңдағы жағдайында ішкі құқықпен ғана шектеліп қалу дұрыс емес. Қандай жағдай болмасын салыстырмалы құқықтану ғылыммен қоса тәжірибені де арттыра түсетіні анық. Ол ұлттық құқықтық жүйенің құндылығымен қоса, оның кем тұстарын мен оларды жоюдың жолдарын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттік және академиялық мобильділік барынша көтермеленуі тиіс.

Қазіргі таңда демократиялық қоғам дамуының құралы ретіндегі білім берудің ынтымақтастығын күшейтудің факторы ретінде танылған Болондық процесс мәтініндегі жоғары білім берудегі жаңғыртулар да өзекті мәселе болып отыр. Өйткені университеттер әрбір қоғамның интеллектуалдық, мәдени, әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарған.

Осылайша қазіргі кездегі әлеуметтік-мәдени жағдайларда заңи білім берудің сипаты мен мазмұнындағы өзгерістерді анықтайтын негізгі бағыттардың қатарын бөліп көрсетуге болады. Қазіргі таңда жоғарғы заңи білім беру мазмұнын анықтайтын негізгі факторларды толығырақ ескеру қажет, олар: жоғарғы заңи білім беру жүйесіндегі жеке-бағдарлаушы парадигманы іске асыру; жоғарғы заң білімін берудің тереңдігі; жоғары заң білімін берудің кәсібилігі; адам мүмкіншіліктері мен мұқтаждықтарына сәйкес жеке білім беру жолдарын таңдау

үшін жағдай туғызатын білім беру бағдарламаларының көп түрлілігіне ауысу (мерзімі, деңгейі және білім беру бағыты бойынша); жаңа буынның білім беру тәжірибесіне жоғары заң білімін берудің мемле-

кеттік стандарттарын дайындау мен енгізу жоғары заң білімін беруді акпараттандыр) компьютерлік техникайы білуден коммуникациялық ақпараттық технологияларді меңгеруге ауысу сияқты факторлар.

Алиштов Е.Ж

*заң ғалымдарының кандидат**

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Қазіргі таңда құқықтық пәндерді оқытуда теориялық білімдер басым болып келеді. Бұл білім беру мекемелерінің техника жағынан толық камтамасыз етілмеуі ретінде түсіндіріледі. Тәжірибелік сабақтарды жаңа технологияларды пайдалана отырып, жүргізу үшін сәйкес құралдар мен бағдарламалық өнімдер, сонымен қатар, оқытушының оқу процесінде осы инновациялық әдістерді қолдануға деген қызығушылығы болуы қажет. Инновациялық және интерактивті әдістерді қолдану үшін сабақтарға 3-4 сағаттан артық дайындалу қажет және оны өткізуде көп күш кетеді. Бүгінгі таңда ЖОО-ғы жағдайларды өзгерту және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру туралы мәселе көтеріліп отыр. Мысалы, оқу-методикалық кешенді құрастыру кезінде, оның міндеттеріне алған білімді қалыптастырумен қатар оны кейіннен тәжірибеде пайдалану мүмкіндігін қосу қажет.

Біздің ойымызша, кәсіптік қызмет дағдыларына оқыту, кейіннен негізгі кәсіптік қызметте нормативтік актілерді қолдана білуді қалыптастырумен тығыз байланыста болуы тиіс. Мұнда басты мәселе студенттердің қандай дағдыға оқытылуы қажет екендігі болып табылады. Аталған мәселе заманауи, яғни еркін нарықтық қатынастар өз қатысушыларына шешім қабылдауға жауапкершілік артқан жағдайда маңызды.

Юриспруденцияда, өзге ғылымдарда сияқты теориялық және тәжірибелік білімдер тығыз байланысты. Егер, студент теорияны тәжірибеде қолдана алмаса, онда алғашқысы маңызды емес. Теориялық қ)фстың тәжірибелік қызметпен бірігуі, дәстүрлі

оқуды толықтыруға және студенттік кезді бастап, білім алушыға кәсіптің маңызды дағдыларымен танысуға және оны үйренге мүмкіндік береді.

Осылайша, студенттердің белгілі бір жағдайға байланысты заңи талдау жасау, құқықтық мәліметтерді іздеу және ақпараттық-іздеу жүйесімен жұмыс істеу, сонымен қатар, әртүрлі келісімдерді құрастыру кіндіктерін қалыптастыру қажет. Дағды қалыптастыру сатысы бір-бірімен тығыз байланысты және сатылы жүйе болып табылады. Дағды мен қабілетті қалыптастыру мақсатында, біз оқытудың инновациялық әдістерін, яғни бөлек әрекеттер мен тәсілдерді көрсету, шағын топтардағы жұмыс жасау, оқу материалдарын пайдалана отырып іскерлік ойындарды ұйымдастыру. «Юристық құқықтық жүйемен жұмыс істеу нормативтік құқықтық актілерді іздеуде ынталануы қажет. Оқудың қажет методикалық әдісі болып, оқытушымен байланыс танылады, да студенттер түсінбеген сұрақтар бойы кенес ала алады. Шынайы байланысқа сымша ретінде интерактивті әдістерді қолдану: электронды пошта немесе жеке сұрақтарды қолдану маңызды болып табылады.

Бізбен оқыту әдісінің екі түрі белгіленген:

- *Бірінші түрді* шартты түрде «Жаңа барлығы-ұмытылған ескі» деп атауға (болуы). Оған келесідей әдістер кіреді: мұқабасы, бағытталған дискуссия, лекциялар, кестелер мен өзге көрнекті материалдарды қысқаша көрсетулер, ойындар, шағын топтардағы жұмыс жаттығулар.